



**Бекітемін:**  
№38 қазақ орта мектебі, КММ директоры  
Л.Ш Урекешова

## **АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

**2023-2024 оку жылы**

## АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**НЕГІЗІ:** «Адамның үйлесімді дамуы үлттүк институты» КеАК Фылымы-әдістемелік Консесі 2023 жылғы 15 тамыз № 4 хаттамасымен бекітілген «Орта білім беру үйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар» 1-тарау. Жалпы ережелер

Осы Орта білім беру үйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді (бұдан әрі – ата-аналар) педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептін ата-аналармен қарым-қатынасын күштейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында әзірленді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды үйімдастыру;

балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру үйімі мен отбасы арасындағы өзара іс-киммелікты нығайту;

балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

**2-тарау. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдауды үйімдастыру тәртібі**

Орта білім беру үйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдауды үйімдастыру Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығымен (бұдан әрі – Орталық) келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:

орта білім беру үйімін басшының балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға педагогикалық қолдауды үйімдастыру бүйрекшін шыгару;

Орталық қызметтің үйімдастырудың басшының төрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады, ол:

- мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жана түрлерін, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-киммелін қамтамасыз етеді;

- сыйның жетекшілерінің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің және қосымша білім педагогтерінің мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жана түрлерін іске асыру және мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-киммелін қамтамасыз ету бойынша қызметтерін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады;

- мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жана түрлерін жоспарлау кезінде осы әдістемелік ұсынымдарға 1-косымшада баяндалған ата-аналарға арналған сабактардың ұсынылатын бағдарламасын (бұдан әрі – бағдарлама) басшылықта алады, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-киммелін қамтамасыз етеді;

- ұсынылатын бағдарламага сәйкес оқу жылын арналған сабак кестесін куралы.

ата-аналарға арналған педагогикалық қолдауды «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» біліктілікте арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша оқудан еткен сыйның жетекшілері, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, қосымша білім педагогтері жүзеге асырады;

ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып, ұсынылатын бағдарламаның 30 % - на дейінгі көлемде сабактардың тақырыптарын өз бетінше айқындауга жөнде беріледі;

ата-аналарға арналған сабактар бағдарламасын зорлық-зомбылықты, жыныстық бүрмалануларды, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды бұзатын өзге де күбільстырдың насиҳаттауға бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамасында тығым салынған тақырыптарды енгізуге жол берілмейді.

Орталық қызметтің іс жүзінде іске асыру үшін білім беру үйімдарына мыналар ұсынылады:

сауалнама арқылы ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша олардың қажеттіліктерін зерделеу;

ата-аналарды қолдауды жүзеге асыратын педагогтерді оқытууды үйімдастыру;

ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа мониторинг жүргізу;

ата-аналардың педагогикалық қолдауга қанагаттану деңгейін анықтау бойынша жылына бір рет сауалнама жүргізу;

бұкаралық акпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде өткізілетін іс-шараларды жария ету.

6) корытынды іс-шараларды үйімдастыру.

Интернет-ресурс болған жағдайда орта білім беру үйімдарына «ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бөлімін құру ұсынылады, онда:

ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі жұмыс туралы ақпарат; сабак кестесі;

ата-аналарға көмектесетін әдістемелік материал;

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» цифрлық платформасына сілтеме орналастырылады.

**3-тарау. Балаларды тәрбиелу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдаудың мазмұны, сабактардың және әлеуметтік серіктестіктің түрлері**

Сабактардың (басқа да іс-шаралардың) мазмұны орта білім үйімдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың ал-ауқатты контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді.

Педагогикалық қолдау 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асыру ұсынылады. Ата-аналарға бағыт беру, кездесулер, сабактар бағдарламасының мазмұнымен таныстыру 15 қырқүйекке дейін еткізіледі.

Педагогикалық қолдау бағдарламасы жылына сегіз сабакты қамтиды.

Сабактар әртүрлі әдіс-тәсілдерді (семинар-практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаудар және т.б.), оның ішінде цифрлық ресурстарды қолдана отырып, онлайн және оффлайн режимде еткізу мүмкін.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылады: «Даналық мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік қундері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мисальы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрменкелер, көрмелер, жорықтар, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар.

Ата-аналарды қолдау және өзара іс-кимыл жасау үшін Орталық цифрлық платформасы пайдалану ұсынылады, онда бөлімдер бойынша тақырыптық ақпарат: курс бағдарламалары, бейне дарістер, бейне ұсынымдар, бейне жағдайлар, сұхбаттар, тақырыптық вебинарлар, ресурстардың электрондық каталогы, психологияның кеңестері, тестілер, сауалнамалар, жадынамалар, нұсқаулықтар, чек-парактар, постерлер және басқалар қамтылады.

**4-тарау. Орталықтың қызметтің үйлестіру**

Облыстық, республикалық маңызы бар калалардың білім басқармаларына ұсынылады:

ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша қызметті үйлестіру;

орта білім беру үйімдарында Орталықтың қызметтің үйімдастыруға жауапты маманды тағайындау;

ауданның (облыстық маңызы бар каланың) білім басқармаларының, оқу-әдістемелік орталықтар, орта білім беру үйімдары арасындағы өзара іс-кимылды қамтамасыз ету;

ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметке мониторинг жүргізу;

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүргізіліп жаткан жұмыстар туралы ақпарат беру;

бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.

Аудандық, калалық білім бөлімдеріне ұсынылады:

1) орта білім беру үйімдарына Орталықтың қызметтің үйімдастыруға ықпал ету;

2) білім беру үйімдарында Орталықтың қызметтің үйімдастыруға жауапты маманды тағайындау;

3) облыстық білім басқармаларына жүргізіліп жаткан жұмыстар туралы ақпаратты ұсыну;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі қызметті жариялау.

№	Такырыбы	Мазмұны	Откізілеттін түрі	Жауаптылар	Уақыты
<b>1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>					
1.	<b>Отбасы – бақыт бесігі</b>  Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі 2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі 3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері 4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас 5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер	1-4 Сынып жетекшілері Исбуллаева Ляззат бастауыш пәннің мұғалімі Мектеп психологы Б.Раштаева Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	12.10.2023
2.	<b>Білімдігे дүние жарық.</b>  Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы 2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау 3. Баланың есте сақтау қабілетін, зейнін, ойлаудын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері 4. Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде... 5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер	1-4 Сынып жетекшілері Ержанова Салтанат бастауыш пәннің мұғалімі Мектеп психологы Б.Раштаева Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	15.11.2023
3.	<b>Әрбір бала – жарық жүлдез</b>  Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасаудына қарым-қатынас жасаудына темпераменттің әсері. Ауру калса да, әдет калмайды. 3. Баланың даралығын темпераменттің сәйкес қалай ашуға болады? 4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер	1-4 Сынып жетекшілері Оразалы Мархаббат бастауыш сынып мұғалімі Мектеп психологы Б.Раштаева Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	21.12.2023

4.	<b>Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияның қалай дамытуға болады?</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы.</li> <li>Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері.</li> <li>Балалар мен ата-аналарға арналған үлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар.</li> <li>Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.</li> </ol>	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер	1-4 Сынып жетекшілері Өтеген Гулсая бастауышсынып мұғалімі Мектеп психологы Бердібек Г.Ж Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	17.01.2024
5.	<b>Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай женуге болады?</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері</li> <li>Интернетті пайдалану режимін сактау</li> <li>Жақсылдан уйрен, жаманнан жириен. Баланы ойынга тәуелділіктен қалай қорғауға болады?</li> <li>Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т.б.</li> </ol>	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер	1-4 Сынып жетекшілері Калиева Анар бастауышсынып мұғалімі Мектеп психологы Бердібек Г.Ж Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	9.02.2024
6.	<b>Сенім арту – жетістік кепілі Қын жағдайда баланы қалай қолдау керек?</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>Бала өміріндегі қындықтар</li> <li>Агрессия, отірік айту, ашуулану және басқа қын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорылған бала</li> <li>Қын жағдайға қалған балага түсіністікпен қараша</li> <li>Қын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары</li> <li>Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену</li> </ol>	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер	1-4 Сынып жетекшілері Кеміденова Гүлнур бастауышсынып мұғалімі Мектеп психологы Бердібек Г.Ж Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	12.03.2024
7.	<b>Әкені көріп ұл осер, шешені көріп қыз осер</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>Отбасында уақытты бірге еткізуің пайдасы.</li> <li>Ата-ананың күнделікті өмірде ұлғі болатын маңызды қасиеттері.</li> <li>Балаға жақсы әдептерді үйрету.</li> <li>Үәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы.</li> <li>Балапан үздан не көрсе, үшканды соны ілееді.</li> </ol>	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер	1-4 Сынып жетекшілері Жайлашева Айнагүл бастауышсынып мұғалімі	11.04.2024

				Мектеп психология Бердібек Г.Ж Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	
8.	Тәліммен орілген біздің дәстүр  Дәстүрлер отбасылық ауқаттың негізі ретінде  эл	<ol style="list-style-type: none"> <li>Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі.</li> <li>Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамагы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббилердің отбасының бірлігіне ықпалы.</li> <li>Отбасылық дәстүрлердің әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер.</li> <li>Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлердің сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жана дәстүрлер қалыптастыру</li> <li>Үлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабактастыры</li> </ol>	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер	1-4 Сынып жетекшілері Омарова Гүлшат бастауыш пәннің мұғалімі Мектеп психология Бердібек Г.Ж Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	14.05.2024
<b>5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>					
1.	Баланың бас үстазы – ата-ана  Позитивті тәрбие	<ol style="list-style-type: none"> <li>Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері.</li> <li>Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшиліктерді, ауыткуларды тузыту емес, жасөспірімге оң әсер ету.</li> <li>Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, құшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту.</li> <li>Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің үлттық бастаулары.</li> <li>Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне канагаттануы және психологиялық саулық.</li> </ol>	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер, анкеталар, донгелек үстел	5-9 Сынып жетекшілері Жугунусова Гулнаز математика пәні мұғалімі Мектеп психология Г.Бердібеккызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	18.10.2023
2.	Ақыл айтпа, жол көрсет	1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұргыда) бейімделуі, оның іс-әрекеттің жақсарту жағдайлары.	Сыныптардағы ата-аналар	5-9 Сынып жетекшілері	16.11.2023

	<b>Жасөспірімнің бейімделуі</b>	<p>Ұлттық тамақтану мәдениеті – жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі.</p> <p>2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі киындықтар.</p> <p>3. Өзінді өзің сыйламасан, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері.</p> <p>4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дагдыларын дамыту.</p> <p>5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.</p>	жиналышы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	Сулейменова Айкерим ағылшын тілі пәннің мұғалімі Мектеп психологы Г.Бердібеккызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.С.Карибаева	
3.	<b>Балаға үйрету: ақылынды мейірімге орап бер</b>	<p>1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дагдарыстары, олардың көріністерінен шыгу жолдары.</p> <p>2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсініктігінің негізі.</p> <p>3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер.</p> <p>4. Бір күндік ұрыстын қырық қүндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары.</p> <p>5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты – кешіре білу.</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналышы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	5-9 Сынып жетекшілері Уразова Римма химия пәннің мұғалімі Мектеп психологы Г.Бердібеккызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	12.12.2023
4.	<b>Бұлақ корсек, козін аш. Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту</b>	<p>1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері.</p> <p>2. Ертең ойлан табуга үйрету.</p> <p>3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы.</p> <p>4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру.</p> <p>5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналышы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	5-9 Сынып жетекшілері Муса Жибек ағылшын тілі пәннің мұғалімі Мектеп психологы Г.Бердібеккызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	23.01.2024
5.	<b>Ақпараттан ақ- караны ажырату онері.</b>	<p>1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары.</p> <p>2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері.</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналышы Тренингтер,	5-9 Сынып жетекшілері Сырбаева Айжан ағылшын тілі	21.02.2024

	<b>Жасөспірімнің желідегі әрекеті</b>	3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіппі тәсілдерден қорғау алгоритмі. 4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері. 5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті.	анкеталар, дөңгелек үстел	пәннің мұғалімі Мектеп психологы Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің меншерушісі А.А.Мустафина	
6.	<b>«Әр нәрсенің олшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалай» арасындағы тепе-тәндікті қалай сақтауға болады</b>	1.Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары. 2. Жасөспірім бойындағы киын мінез-құлқытың белгілері. 3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі. 4. Ашу – дүшін, ақыл – дос. Өзін-өзі реттеу жолдары. 5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	5-9 Сынып жетекшілері Есекен Ақторғын математика пәні мұғалімі Мектеп психологы Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің меншерушісі А.А.Мустафина	11.03.2024
7.	<b>Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары</b>	1.Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық. 2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері. 3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Өдепсіз есken адамнан, тәртіппен есken тал жақсы. 4. Ата-аналардың мінез-құлқы стратегиялары. 5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі.	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	5-9 Сынып жетекшілері Берназова Бибигул ағылшын пәннің мұғалімі Мектеп психологы Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің меншерушісі А.А.Мустафина	16.04.2024
8.	<b>Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына Құндылықтар – отбасы бақытының негізі</b>	1. Отбасылық құндылықтарды колданудың өзектілігі. 2. «Көніл кең болса, үйдің тарлығы білінбес». Қонақжайлылық – отбасы құндылықтарының негізі. 3. «Мейірімді ата – Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары. 4. Бабалар дәстүрі – үрпакқа өситеті – отбасының	Сыныптардағы ата-аналар жинальсы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	5-9 Сынып жетекшілері Тажиева Шынар информатика пәннің мұғалімі Мектеп психологы Г.Бердібекқызы	15.05.2024

		<p>құндылығы ретінде ұрпактан-ұрпакқа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және колдану.</p> <p>5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы.</p>		<p>Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина</p>	
<b>10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>					
1.	<b>Боламын деген баланың бетін қакпа, белін бу...</b>	<p>1. Жоғарғы сыннып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері</p> <p>2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сыннып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға калауы мен қабілетін қолдау</p> <p>3. Тұға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету</p> <p>4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналышы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	<p>9-11 Сынып жетекшілері Айсағалиқызы Римма орыс тілі пәннің мұғалімі Мектеп психология Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина</p>	18.10.2023
2.	<b>Коркем мінез – баға жетекес байлық</b>	<p>1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері</p> <p>2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау)</p> <p>3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер</p> <p>4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті</p> <p>5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналышы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	<p>9-11 Сынып жетекшілері Дүйисова Клара физика пәннің мұғалімі Мектеп психология Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина</p>	10.11.2023
3.	<b>Сен жаңбасаң лапылдан...</b>	<p>1. Кәсіп – өзін-өзі жүзеге асырудың негізі</p> <p>2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті</p> <p>3. Ұлы жол үйінің табадырығынан басталады. Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады</p> <p>4. Жоғары сыннып оқушысының болашағын анықтаудына кедегі болатын қындықтар</p> <p>5. Бойындағы бейімділікті дәл табу – өмірдегі бақыт</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналышы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	<p>9-11 Сынып жетекшілері Мадетхан Перизат Қазак тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі Мектеп психология Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина</p>	12.12.2023

		пен табыстың негізі		менгерушісі А.А.Мустафина	
4.	<b>Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы</b>	<p>1. Тәуелділік түрлері (тамак, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.)</p> <p>2. Окушы бойындағы тәуелділіктің белгілері</p> <p>3. Сынықтан озгенің бері жұғады. Тәуелділіктің алдын алу шаралары</p> <p>4. Тәуелділіктің алдын алуша отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналысы Тренингер, анкеталар, дәңгелек үстел	9-11 Сынып жетекшілері Кузбаева Эльмира қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мектеп психологы Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	19.01.2024
5.	<b>Жақсылдан қашпа, жаманға баспа...</b>	<p>1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет куаіпсіздігі</p> <p>2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынга тәуелділігін диагностикалау</p> <p>3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік жөлілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы</p> <p>4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары</p> <p>5. Әлеуметтік жөлілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналысы Тренингер, анкеталар, дәңгелек үстел	9-11 Сынып жетекшілері Айсағалиқызы Римма Мектеп психологы Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	13.02.2024
6.	<b>Күйзелістен шығар жол</b>	<p>1. Қоңіл жақсы болғаны – омір жақсы болғаны. Сіздің ресурстарың жағдайыныңда қалай қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері</p> <p>2. Эмоцияны бакылау – стрестен, күйзелістен шығудың жолы</p> <p>3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлыш және стресстің басқа да экстремалды көріністері</p> <p>4. Қателесу – тәжірибе жинауга мүмкіндік береді</p> <p>5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналысы Тренингер, анкеталар, дәңгелек үстел	9-11 Сынып жетекшілері Дүйисова Клара физика пәнінің мұғалімі Мектеп психологы Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	11.03.2024

7.	<b>Сүйіспеншілік – сыйластық кілті</b>	<p>1. Махаббат – отбасындағы эмоционалды тепе-тәндіктің негізі.</p> <p>2. «Айналайын» ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету</p> <p>3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция.</p> <p>4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сойлесуге болады</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналышы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел	9-11 Сынып жетекшілері Мадетхан Перизат қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі Мектеп психология Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	4.04.2024
8.	<b>Атадан өснет, анадан қаснет</b>	<p>1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабактастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі</p> <p>2. Аданың ізін қызы басар, атандың ізін ұл басар. Әке мен аданың отбасындағы рөлі</p> <p>3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе – қазіргі балалардың даму ерекшеліктері</p> <p>4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасының дәстүрлерді сактау</p>	Сыныптардағы ата-аналар жиналышы Тренингтер, анкеталар, дөңгелек үстел, пікірсайystар	9-11 Сынып жетекшілері Кузбаева Эльмира қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі Мектеп психология Г.Бердібекқызы Тәрбие ісінің менгерушісі А.А.Мустафина	14.05.2024

Мектеп директоры:

Тәрбие ісінің орынбасары:

Л.Ш.Урекшова

А.А.Мустафина